

**Азаматтық қорғау органдарының
жұмысы мәселесі бойынша
Қоғамдық кеңес отырысының № 1 хаттамасы
(ТЖМ)**

Астана қ. 2024 жылғы 03 ақпан

Өткізу орны: Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің кеңес залы (Мәңгілік ел даңғылы, 8, 10 кабат)

Отырысты ашқан: қоғамдық кеңесті құру бойынша жұмыс тобының басшысы А.Ж. Жадра

Азаматтық қорғау органдарының жұмысы мәселесі бойынша Қоғамдық кеңес мүшелерінен қатысқандар (ТЖМ): М.Қ. Ысқақов, Р.Ф.Камалов, Д.Д.Сатылғанов, Қ.Е.Қыстаубаев, М.С.Қайсанов, Н.Н.Тоқсанов, Г.Т.Камарова, А.А.Мәдиев, А.Ж.Дұрысбеков, Т.У.Омаров, Ж.К.Телеубаев.

бейнеконференцбайланыс режимінде: К.Е.Дүйсенов, Ю.А.Новожилов, М.Әбдіхалықұлы, В.Н.Ганагин.

Қатыспағандар: Е.А.Баймолдинов, А.С.Советов, К.А.Мейрамов, Ф.Л.Мордвинкин.

Шақырылғандар: Е.Қ.Нұрсейитов

Күн тәртібінде:

1. Азаматтық қорғау органдарының жұмысы мәселесі бойынша Қоғамдық кеңестің (ТЖМ) төрағасы мен хатшысын сайлау туралы;
2. Азаматтық қорғау органдарының жұмысы мәселесі бойынша Қоғамдық кеңестің (ТЖМ) президиумы мен комиссияларын сайлау туралы;
3. Азаматтық қорғау органдарының жұмысы мәселесі бойынша Қоғамдық кеңестің (ТЖМ) ережесін бекіту туралы.

**1. Азаматтық қорғау органдарының жұмысы мәселесі бойынша
Қоғамдық кеңестің төрағасы мен хатшысын сайлау туралы(ТЖМ)**

(А.Ж.Жадра, М.Қ.Ысқақов, Н.Н.Тоқсанов)

1. Азаматтық қорғау органдарының жұмысы мәселесі бойынша **Қоғамдық кеңестің (ТЖМ)** төрағасы болып «Мамандандырылған әскери авариялық-құтқару қызметтерінің Республикалық орталық штабы» ЖШС-нің Қарағанды филиалының өкілі Диханбек Жанқоразұлы Сатылғановты сайлау ұсынысымен Қоғамдық кеңестің мүшелері Н.Н. Тоқсанов, М.Қ. Ысқақов сөз сөйледі, басқа да үміткерлер туралы ұсыныстар болған жоқ.

Ашық және бірауызды дауыс берудің нәтижесі бойынша Азаматтық қорғау органдарының жұмысы мәселесі бойынша **Қоғамдық кеңестің (ТЖМ)** төрағасы болып «Мамандандырылған әскери авариялық-құтқару қызметтерінің

Республикалық орталық штабы» ЖШС-нің Қарағанды филиалының өкілі **Диханбек Жанқоразұлы Сатылғанов** сайланды.

2. Қоғамдық кеңестің хатшысын Қоғамдық кеңестің алдыңғы құрамының хатшысы Е.Қ. Нұрсейітовты сайлау туралы ұсыныспен Қоғамдық кеңестің мүшесі Н.Н. Тоқсанов сөз сөйледі, басқа да үміткерлер туралы ұсыныстар болған жоқ.

Ашық және бірауызды дауыс берудің нәтижесі бойынша Азаматтық қорғау органдарының жұмысы мәселесі бойынша **Қоғамдық кеңестің (ТЖМ) хатшысы болып Ержан Қайыркенұлы Нұрсейітов** сайланды.

2. Азаматтық қорғау органдарының жұмысы мәселесі бойынша Қоғамдық кеңестің (ТЖМ) президиумы мен 3. комиссияларын сайлау туралы

(Д.Д.Сатылғанов, Н.Н.Тоқсанов)

1. Қоғамдық кеңес жұмысын жедел басқаруды ұйымдастыру үшін «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11 бабына сәйкес, және де ашық және бірауызды дауыс берудің нәтижесі бойынша Азаматтық қорғау органдарының жұмысы мәселесі бойынша **Қоғамдық кеңестің (ТЖМ) Президиумы** келесі құрамда бекітілсін:

- Диханбек Жанқоразұлы Сатылғанов, Қоғамдық кеңестің төрағасы;
- Мейрам Қабденұлы Ысқақов, Төтенше жағдайлар Министрінің кеңесшісі (мемлекеттік органның өкілетті тұлғасы);
- Мейрамбек Советұлы Қайсанов, Қоғамдық кеңестің мүшесі.

2. Азаматтық қорғау органдарының жұмысы мәселесі бойынша Қоғамдық кеңестің (ТЖМ) жанында **комиссиялар** құрылсын:

- 1) Азаматтардың өтініштерін қарастыру бойынша комиссия. Комиссия басшысы болып – Жомартбек Қайырбекұлы Телеубаев тағайындалсын;
- 2) Құқық қорғау саласындағы комиссия. Комиссия басшысы болып – Қизат Ермекұлы Қыстаубаев сайлансын;
- 3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссия. Комиссия басшысы болып – Нұрболат Нұрпейісұлы Тоқсанов сайлансын.

Комиссияларды басшылары Қоғамдық кеңестің келесі отырысына өздерінің екі комиссияларының құрамы бойынша ұсыныстар енгізсін.


4. Азаматтық қорғау органдарының жұмысы мәселесі бойынша Қоғамдық кеңестің (ТЖМ) ережесін бекіту туралы

(Д.Д.Сатылғанов, М.Әбдіхалықұлы, Н.Н.Тоқсанов)

Қоғамдық кеңес мүшелерінің ұсынған ескертулерін ескере отырып Азаматтық қорғау органдарының жұмысы мәселесі бойынша Қоғамдық кеңестің (ТЖМ) Ережесі бекітілсін.

4. Қоғамдық кеңес мүшелері Қоғамдық кеңестің 2024 жылға арналған Жұмыс жоспарына ұсыныстарды хатшыға ұсынсын.

**Азаматтық қорғау органдары
жұмысының мәселері бойынша
Қоғамдық кеңестің (ТЖМ) төрағасы**



Д. Сатылғанов